

2008 жылғы 1 желтоқсандағы банк секторының ағымдағы жағдайы¹

2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстанда 37 екінші деңгейдегі банк жұмыс істеуде, оның ішінде Алматы қаласында 35 банк, банктердің 34 филиалы және 373 қосымша үй-жайлары орналасқан.

Банк секторының құрылымы	1.01.08	1.12.08
Екінші деңгейдегі банктердің саны, оның ішінде:	35	37
- жарғылық капиталда мемлекеттің 100% қатысы бар банктер ²	1	1
Екінші деңгейдегі банктердің филиалдарының саны	352	380
Екінші деңгейдегі банктердің қосымша үй-жайларының саны	2 029	2 166
Екінші деңгейдегі банктердің шетелдердегі өкілдіктерінің саны	17	15
Қазақстан Республикасындағы резидент емес банктер өкілдіктерінің саны	26	31
Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіндегі қатысушы банктердің саны	33	35
Кастодиан қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар банктердің саны	10	11

Капитал. Екінші деңгейдегі банктердің жиынтық меншікті капиталының³ есеп айырысу мөлшері 2008 жылдың басынан бастап 158,5 млрд. теңгеге (8,9 %-ға) ұлғайды және 2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 938,7 млрд. теңге болды. Бұл ретте, бірінші деңгейдегі капитал 18,0 %-ға немесе 1 514,7 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, ал екінші деңгейдегі капитал 11,2 %-ға немесе 496,5 млрд. теңгеге дейін азайды.

млрд. теңге

Атауы	01.01.2008	01.12.2008	Өсім %-бен
1-ші деңгейдегі капитал	1 284,0	1514,7	18,0
Жарғылық капитал	940,2	998,3	6,2
Қосымша капитал	3,8	4,8	26,3
2-ші деңгейдегі капитал	558,9	496,5	-11,2
Реттелген борыш	460,9	560,3	21,6
3-ші деңгейдегі капитал	1,7	0,8	-52,9
Банктердің инвестициялары ⁴	64,4	73,3	13,8
Барлық меншікті есеп айырысу капиталы	1 780,2	1938,7	8,9

2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша банк секторы меншікті капиталының тепе-теңдік көрсеткіштері k1 - 0,12 (0,06 нормативі бойынша) (қатысушысы банк холдингі болып табылатын банк үшін нормативі – 0,05), k2 - 0,15 (0,12 нормативі кезінде) (қатысушысы банк холдингі болып табылатын банк үшін нормативі – 0,10) болды.

Меншікті капитал тепе-теңдігінің көрсеткіштері	1.01.08	1.12.08
Бірінші деңгейдегі меншікті капиталдың жиынтық активтерге қатынасы (k1)	0,11	0,12
Тәуекел дәрежесі бойынша салмақталған баланстан тыс міндеттемелерге және активтерге меншікті капиталдың қатынасы (k2)	0,14	0,15
Есептік меншікті капиталдың несие портфеліне қатынасы	0,20	0,21
Есептік меншікті капиталдың несие портфелі бойынша құрылған провизияларға қатынасы	3,41	2,02
Есептік меншікті капиталдың күмәнді кредиттерге қатынасы	0,34	0,40
Есептік меншікті капиталдың үмітсіз кредиттерге қатынасы	13,55	5,39

Сонымен бірге, жылдың басынан бастап екінші деңгейдегі банктер балансы бойынша меншікті капитал 16,5 млрд. теңгеге (1,2 %-ға) өсті және есепті күнге 1 441,7 млрд. теңгені құрады.

Активтер. 2008 жылғы қараша айында банктердің жиынтық активтерінің мөлшері 120,8 млрд. теңгеге (1,0 %-ға) өсті және есепті күнге 11 952,6 млрд. теңге болды.


Банк секторының жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	1.01.08		1.12.08		Өсім (%-бен)
	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	
Қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттар	1 013,1	8,7	738,9	6,2	- 27,1
Басқа банктерде орналастырылған салымдар	642,5	5,5	726,1	6,1	13,0
Бағалы қағаздар	787,8	6,7	1 013,5	8,5	28,7
Банктік заемдар және «кері РЕПО» операциялары	8 868,3	75,9	9 127,7	76,4	2,9
Капиталға инвестициялар	222,5	1,9	297,2	2,5	33,6
Басқа активтер	150,40	1,3	49,1	0,3	- 67,3
Активтердің барлығы	11 684,6	100	11 952,6	100	2,3

Банктер активтерінің құрылымында банктік заемдар және «кері РЕПО» операциялары (76,4 %), қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттардағы қалдықтар (6,2 %), бағалы қағаздар портфелі (8,5 %), басқа банктерде орналасқан салымдар (6,1 %) үлкен үлес алады. Ағымдағы жылдың басынан бастап банктік заемдар және «кері РЕПО» операциялары 259,4 млрд. теңгеге немесе 2,9 %-ға ұлғайды, қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттардағы қалдықтар 274,2 млрд. теңгеге немесе 27,1 %-ға кеміді, бағалы қағаздар 225,7 млрд. теңгеге немесе 28,7 %-ға өсті, басқа банктерде орналасқан салымдар 83,6 млрд. теңгеге немесе 13,0 %-ға өсті, капиталға салынған инвестиция 74,7 млрд. теңгеге немесе 33,6 %-ға өсті.


Жылдың басынан бастап баланс бойынша⁵ мерзімі өткен берешек 100,5 млрд. теңгеден 173,2 млрд. теңгеге немесе 2,7 есеге өсті және есепті күнге 273,7 млрд. теңге болды.

Мерзімі өткен сыйақы көрінісі бойынша шоттардағы қалдықтар жылдың басынан бастап 37,5 млрд. теңгеге немесе 3,2 есеге өсті және 2008 жылғы 1 желтоқсанда 54,9 млрд. теңгені құрады.

1.01.08ж. жағдай бойынша банк секторы активтерінің құрылымы (%)



1.12.08ж. жағдай бойынша банк секторы активтерінің құрылымы (%)



Жыл басынан бастап жіктелуге жататын активтер мен шартты міндеттемелер мөлшері 512,4 млрд. теңгеден (3,8 %-дан) 13 890,1 млрд. теңгеге дейін өсті.


Стандартты активтер мен шартты міндеттемелердің үлес салмағы 61,1 % болды, күмәнділер үлесі - 41,6 %-дан 36,2 %-ға дейін азайды, үмітсіз активтер мен шартты міндеттемелер үлесі 2,7 % болды.

Активтердің және шартты міндеттемелердің сапасының динамикасы	1.01.08		1.12.08	
	негізгі борыш сомасы, млрд. теңгемен	жиынтығында %-бен	негізгі борыш сомасы, млрд. теңгемен	жиынтығында %-бен
Барлық активтер мен шартты міндеттемелер	13 377,7	100	13890,1	100
Стандартты	7 677,7	57,4	8 481,8	61,1
Күмәнді	5 559,9	41,6	5 036,3	36,2
1-санатты күмәнді - төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	4 266,8	31,9	2 622,9	18,9
2-санатты күмәнді - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	578,1	4,3	410,1	3,0
3-санатты күмәнді - төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	543,2	4,1	1 555,8	11,2
4-санатты күмәнді - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	63,1	0,5	199,6	1,4
5-санатты күмәнді	108,7	0,8	247,9	1,7
Үмітсіздері	140,1	1,0	371,9	2,7


Қаралып отырған кезең ішінде банктердің кредит портфелі құрылымында стандартты кредиттер үлесі 39,7 %-дан 42,9 %-ға дейін өсті, күмәнді кредиттердің үлесі 58,8 %-дан 53,2 %-ға дейін азайды, бұл ретте үмітсіз кредиттердің үлесі 1,5 %-дан 3,9 %-ға дейін өсті.

Несиелік портфель сапасының динамикасы	1.01.08		1.12.08	
	негізгі борыш сомасы, млрд. теңгемен	жиынтығында %-бен	негізгі борыш сомасы, млрд. теңгемен	жиынтығында %-бен
Несиелік портфельдің барлығы	8 868,3	100	9 127,7	100
Стандартты	3 518,2	39,7	3 908,3	42,9
Күмәнді	5 218,7	58,8	4 860,0	53,2
1-санатты күмәнді - төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	3 950,4	44,5	2 477,2	27,1
2-санатты күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	572,2	6,5	404,7	4,4
3-санатты күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	533,4	6,0	1 548,4	17,0
4-санатты күмәнді - төлемдерді кешіктірген немесе уақтылы төлемеген кезде	57,9	0,6	193,0	2,1
5-санатты күмәнді	104,8	1,2	236,8	2,6
Үмітсіздері	131,4	1,5	359,4	3,9

1.01.08ж. сапа бойынша несие портфелінің құрылымы (%)




1.12.08ж. сапа бойынша несие портфелінің құрылымы (%)



2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша нақты қалыптасқан провизиялар сомасы 958,5 млрд. теңге немесе екінші деңгейдегі банктердің несие портфелінің 10,5 %-ы болды. Ағымдағы жылдың басынан бастап провизиялар 436,8 млрд. теңгеге немесе 83,7 %-ға өсті. 2008 жылғы 1 желтоқсанда жалпы провизиялар берілген кредиттер бойынша қалыптасқан провизиялар сомасының 0,03 %-ы немесе 0,3 млрд теңге болды. Арнайы провизиялар жылдың басымен салыстырғанда 83,8 %-ға өсіп, 958,2 млрд. теңге болды.

Екінші деңгейдегі банктер қалыптастырған провизиялар (млрд. теңге)




Міндеттемелер. 2008 жылдың басынан бастап екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің жалпы сомасы 251,4 млрд. теңгеге (2,5 %-ға) артып, есепті кезеңнің соңында 10 510,9 млрд. теңге болды.

Банк секторының жиынтық міндеттемелері құрылымында арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары 255,7 млрд.теңге немесе 10,1 %-ға кеміп, жеке тұлғалар алдындағы міндеттемелер 13,4 млрд. теңгеге немесе 0,9 %-ға артты, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар 333,9 млрд. теңгеден 1 464,3 млрд. теңгеге дейін азайды.


Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	1.01.08		1.12.08		Өсімі %-бен
	млрд. теңге	жиынтығына %-бен	млрд. теңге	жиынтығына %-бен	

Банкаралық салымдар	319,9	3,1	274,4	2,6	-14,2
Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	1 798,20	17,5	1 464,3	13,9	-18,6
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған заемдар	7,7	0,1	32,2	0,3	318,6
Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар	85,1	0,8	94,4	0,9	10,9
Заңды тұлғалардың салымдары	2 447,1	23,9	3 219,0	30,6	31,5
Жеке тұлғалардың салымдары	1 447,9	14,1	1 461,3	13,9	0,9
Арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары	2 529,0	24,7	2 273,3	21,6	-10,1
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	467,6	4,6	410,4	3,9	-12,2
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	245,4	2,4	206,6	2,0	-15,8
Басқа міндеттемелер	911,60	8,8	1 075,0	10,3	17,9
Міндеттемелердің барлығы	10 259,50	100	10 510,9	100	2,5

1.01.08ж. жағдай бойынша банк секторы міндеттемелерінің құрылымы (%)



1.12.08ж. жағдай бойынша банк секторы міндеттемелерінің құрылымы (%)



2008 жылдың басынан бастап заңды және жеке тұлғалардың салымдары⁶ 529,6 млрд. теңгеге немесе 8,2 %-ға ұлғайды және 2008 жылғы 1 желтоқсанда 6 953,5 млрд. теңге болды. Жыл басынан бастап жеке тұлғалардың салымдары 0,9 %-ға немесе 13,4 млрд. теңгеге өсті. Заңды тұлғалардың салымдары 31,5 %-ға немесе 771,9 млрд. теңгеге өсті.

Клиенттердің салымдары	1.01.08ж.		1.12.08ж.		Өсім, %-бен	
	барлығы	оның ішінде шетел валютасында	барлығы	оның ішінде шетел валютасында	барлығы	оның ішінде шетел валютасында
Салымдардың барлығы, оның ішінде:	6 424,0	3 807,8	6 953,5	4 101,1	8,2	7,7

Заңды тұлғалардың салымдары	2 447,1	786,1	3 219,0	1 321,4	31,5	68,1
Арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары	2 529,0	2 476,9	2 273,3	2 227,0	-10,1	-10,1
Жеке тұлғалардың салымдары	1 447,9	544,7	1 461,3	552,7	0,9	1,5

ҚР резидент еместерге қойылатын талаптар. Ағымдағы жылдың басынан бастап резидент еместерге қойылатын талаптардың мөлшері 285,0 млрд.теңге (10,5 %-ға) өсті және есепті күнге 2 988,1 млрд.теңге болды. Екінші деңгейдегі банктер активтерінің жалпы сомасында резидент еместерге қойылатын талаптардың үлесі 25,0 % болды. Резидент еместерге қойылатын талаптардың құрылымында банктік заемдар мен «кері РЕПО» операциялары 49,2 % немесе 1 471,5 млрд. теңге мөлшерінде негізгі үлесті алды, басқа банктерде орналасқан салымдар үлесіне 20,0 % немесе 596,6 млрд.теңге тиді.

Банк секторының ҚР резидент еместер алдында қойылатын жиынтық талаптарының динамикасы және құрылымы	1.01.2008		1.12.2008		Өсім %-бен
	млрд. теңге	жиынтығына % -бен	млрд. теңге	жиынтығына % -бен	
Қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттар	330,5	12,2	382,4	12,8	15,7
Басқа банктерде орналасқан салымдар	492,2	18,2	596,6	20,0	21,2
Бағалы қағаздар	321,6	11,9	282,2	9,5	-12,2
Банк заемдар және "кері РЕПО" операциялары	1 413,6	52,3	1 471,5	49,2	4,1
Капиталға салынған инвестиция	60,1	2,2	123,1	4,1	104,8
Басқа активтер	85,1	3,2	132,3	4,4	1,6 есе
ҚР резидент еместері алдындағы барлық талаптар	2 703,1	100	2 988,1	100	10,5

Екінші деңгейдегі банктердің несие портфелі, оның ішінде Қазақстан Республикасының резидент еместеріне берілген заемдары бойынша 2008 жылғы 1 желтоқсандағы ақпарат

млрд. теңге

№	Банктің атауы	Несие портфелі	Резидент еместерге берілген заемдар	Резидент еместерге берілген заемдардың несие портфеліндегі үлесі, %-бен
1	"БТА Банк" АҚ	2 339,4	1 075,9	46,0
2	"ҚАЗКОММЕРЦБАНК" АҚ	2 151,9	261,7	12,2
3	"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	1 184,5	59,2	5,0
4	"АТФБанк" АҚ	801,9	7,0	0,9
5	"Альянс Банкі" АҚ	684,5	25,5	3,7
6	" Банк ЦентрКредит" АҚ	643,9	19,1	3,0
7	"БТА БАНК" АҚ ЕҰ "ТЕМІРБАНК" АҚ	257,9	1,1	0,4

8	"Нұрбанк" АҚ	221,7	9,1	4,1
9	"KASPI BANK" АҚ	181,0	3,5	1,9
10	"Еуразиялық Банк" АҚ	129,8	8,2	6,3
11	"ЦЕСНАБАНК" АҚ	91,3	0,1	0,1
12	"Сбербанк" АҚ ЕБ	68,1	0,0	0,0
13	"RBS (Kazakhstan)" АҚ ЕБ	65,9	0,2	0,3
14	"Казинвестбанк" АҚ	54,7	0,0	0,0
15	"НСВС БАНК ҚАЗАҚСТАН" АҚ ЕБ	53,9	0,2	0,4
16	"ЭКСИМБАНК ҚАЗАҚСТАН" АҚ	42,4	0,2	0,5
17	"Қазақстанның Тұрғын-үй Құрылыс Жинақ Банкі" АҚ	41,4	0,0	0,0
18	"Ситибанк Қазақстан" АҚ	29,8	0,1	0,3
19	"Delta Bank" АҚ	18,1	0,0	0,0
20	"АЛЬФА-БАНК" ЕБ" АҚ	16,2	0,0	0,0
21	"Хоум Кредит Банк" АҚ	13,4	0,0	0,0
22	"Банк Позитив Қазақстан" АҚ	8,6	0,2	2,3
23	"МЕТРОКОМБАНК" АҚ	4,5	0,0	0,0
24	"КЗИ БАНК" ЕБ" АҚ	4,4	0,2	4,5
25	"ЛАРИБА-БАНК" ББ" АҚ	3,0	0,0	0,0
26	"Сенім-Банк" АҚ	2,5	0,0	0,0
27	"Данабанк" АҚ	2,2	0,0	0,0
28	"Заман-Банк" АҚ	2,1	0,0	0,0
29	"Мастербанк" АҚ	2,0	0,0	0,0
30	"Экспресс Банк" АҚ	1,6	0,0	0,0
31	"ТАИБ ҚАЗАҚ БАНКІ" ЕБ АҚ	1,5	0,0	0,0
32	"Астана-финанс" Банкі" АҚ	1,4	0,0	0,0
33	"ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫТАЙ БАНКІ" ЕБ АҚ	0,9	0,0	0,0
34	"Казинкомбанк" АҚ	0,8	0,0	0,0
35	"Пәкістан ҰБ" Қазақстандағы ЕБ АҚ	0,3	0,0	0,0
36	"ҚСӨБ" АҚ	0,0	0,0	-
Жиынтығы		9 127,7	1 471,5	16,1

ҚР резидент еместері алдындағы міндеттемелер. 2008 жылдың басынан бастап екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің резидент еместер алдындағы жалпы сомасы 811,5 млрд.теңгеге (14,9 %-ға) азайды және есепті кезеңнің соңында 4 652,3 млрд.теңге болды. Екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің жалпы сомасында резидент еместер алдындағы міндеттемелердің үлесі 2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жылдың басымен салыстырғанда 899 базистік тармаққа азайып, 44,3% болды.

Банк секторының ҚР резидент еместер алдында қойылатын жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	1.01.2008		1.12.2008		Өсім %-бен
	млрд. теңге	жиынтығына % -бен	млрд. теңге	жиынтығына % -бен	
Банкаралық депозиттер	154,6	2,8	147,1	3,2	-4,8
Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	1 709,00	31,3	1 351,9	29,1	-20,9
Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар	85,1	1,6	94,4	2,0	10,9

Заңды тұлғалардың салымдары	154,7	2,8	77,7	1,7	-49,8
Жеке тұлғалардың салымдары	29,2	0,5	30,2	0,6	3,5
Арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары	2 529,0	46,3	2 273,3	48,9	-10,1
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	316,1	5,8	242,9	5,2	-23,2
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	121,8	2,2	20,8	0,4	-82,9
Басқа міндеттемелер	364,3	6,7	414,1	8,9	13,7
ҚР резидент еместер алдында міндеттемелердің барлығы	5 463,8	100	4 652,3	100	-14,9

ҚР екінші деңгейдегі банктердің резидент еместер алдындағы өтем жасалғанға дейін қалған төлем мерзімі бойынша міндеттемелері

млрд. теңге

Атауы	Сомасы
талап етілгенге дейін	76.2
1 айға дейін	158.0
1 айдан 3 айға дейін	233.1
3 айдан 6 айға дейін	378.7
6 айдан 1 жылға дейін	424.4
1 жылдан 2 жылға дейін	637.1
2 жылдан 3 жылға дейін	519.0
3 жылдан 5 жылға дейін	818.3
5 жылдан жоғары	1 394.4
Резидент еместер алдындағы міндеттемелер	4 652.3

Өтімділік. 2008 жылғы 1 шілдеден бастап өтімділік бөлігіне, атап айтқанда мерзімді және валюталық мерзімді өтімділікті 7, 30 және 90 күнге дейін реттеуге бағытталған түзетулер күшіне енді.

2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша өтімділік есебіне енгізілуге көзделген өзгерістерді ескерсек, 30 және 90 күнге дейінгі мерзімді өтімділіктің коэффициентін 1 банк бұзып отыр.

Бұл ретте, 2008 жылғы 1 желтоқсандағы банк жүйесіне жалпы шолу жасап, мынаны аңғаруға болады:

7 күнге дейінгі мерзімді өтімділік коэффициенті (к4-1) 1 нормативі кезінде 4,2-ні құрады, 30 күнге дейінгі мерзімді өтімділік коэффициенті (к4-2) 0,9 нормативі кезінде 2,0-ді құрады, 90 күнге дейінгі мерзімді өтімділік коэффициенті (к4-3) 0,8 нормативі кезінде 1,5-ті құрады.

Көрсеткіш атауы	1.08.2008	1.09.2008	1.10.2008	1.11.2008	1.12.2008
Мерзімді өтімділік к4-1 (min 1 мәні)	4,4	4,5	4,7	4,9	4,2
Мерзімді өтімділік к4-2 (min 0,9 мәні)	3,1	2,7	3,6	3,2	2,0
Мерзімді өтімділік к4-3 (min 0,8 мәні)	2,0	2,0	2,1	1,6	1,5

Кірістілік. 2008 жылғы 1 желтоқсанда екінші деңгейдегі банктер табыс салығын төлегеннен кейін 33,8 млрд. теңге мөлшерінде (2007 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша

– 207,4 млрд. теңге) жиынтық таза кіріс алды. Кірістердің жиынтық мөлшері 2 598,8 млрд. теңге (2007 жылғы 1 желтоқсанда – 1 617,2 млрд. теңге), шығыстар – 2 536,8 млрд. теңге (2007 жылғы 1 желтоқсанда – 1 363,7 млрд. теңге) болды.

Банк секторының кірістілігі	млрд. теңге		
	1.12.07	1.12.08	Өзгеріс (+;-), %-бен
Сыйақы алуға байланысты кірістер	1 119,8	1 334,0	19,1
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	590,8	722,1	22,2
Сыйақы алуға байланысты таза кіріс	529,0	611,9	15,7
Сыйақы алуға байланысты емес кірістер	497,4	1 264,8	2,5 есе
Сыйақы төлеуге байланысты емес шығыстар	772,9	1 814,7	2,3 есе
Сыйақы алумен байланысты емес таза кіріс (шығын)	-275,5	-549,9	2,0 есе
Көзделмеген баптар	0,9	0,0	
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріс	253,9	62,0	-75,6
Табыс салығын төлеуге байланысты шығыстар	46,5	28,2	-39,4
Табыс салығы төленгеннен кейінгі таза кіріс	207,4	33,8	-83,7


Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (89,6 % немесе 1 195,8 млрд. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында клиенттердің талаптары бойынша төленген сыйақыларға байланысты шығыстарға (65,4 % немесе 472,1 млрд. теңге) үлесі тиді. Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге (ROA) қатынасы 0,60 % (01.12.07ж. жағдай бойынша – 3,35 %) болса, табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің меншікті капиталына (ROE) қатынасы 4,97 % (01.12.07ж. жағдай бойынша – 30,8 %) болды.

Банк секторының кірістілігін сипаттайтын жиынтық көрсеткіштер	1.12.07	1.12.08
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге қатынасы (ROA)	3,35	0,60
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің баланс бойынша меншікті капиталға қатынасы (ROE)	30,80	4,97
Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық активтерге қатынасы	12,52	12,41
Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық несие портфелінің кредиттеріне қатынасы	15,29	14,80
Дилингтік операциялар бойынша таза кірістің табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріске қатынасы	27,79	92,16
Сыйақы (мүдде) төлеуге байланысты шығыстардың жиынтық міндеттемелерге қатынасы	7,42	7,62
Жиынтық активтерге резерв жасауға шығыстардың қатынасы	2,01	9,77

Банк секторының шоғырлануы. 2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 3 ірі банктің банк секторының жиынтық активтеріндегі үлесі 59,1 %-ды құрады, 3 ірі банктің банк секторының жиынтық міндеттемелеріндегі үлесі 59,7 % болды. 3 ірі банктің банк секторының жиынтық несие портфеліндегі кредиттерінің үлесі 62,2 % болды. 2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 3 ірі банктің үлесіне екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалар

депозиттерінің жалпы көлемінің 58,4 %-ы келеді.

Жиынтық банк секторынан үлес	1.01.08	1.12.08
Үш ірі банктің активтері	59,3	59,1
Үш ірі банктің міндеттемелері	59,6	59,7
Үш ірі банктің меншікті капиталы	57,0	55,0
Үш ірі банктің несие портфелі	61,4	62,2
Үш ірі банк клиенттерінің салымдары ⁷ , оның ішінде	64,6	57,9
- заңды тұлғалардың	65,0	57,7
- жеке тұлғалардың	63,1	58,4



Экономикадағы банк секторының ролі

Қазақстан экономикасындағы банк секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштер динамикасы	1.01.02	1.01.03	1.01.04	1.01.05	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.12.08
ЖІӨ млрд.теңге ⁸	3 250,6	3 747,2	4 612,0	5 870,0	7 453	10 139,5	12 726,0	15 046,7
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %	25,1	30,6	36,3	45,8	60,6	87,5	91,8	79,4
Несие портфелінің ЖІӨ-ге қатынасы, %	15,9	19,1	23,6	30,9	41,1	59,1	69,7	60,7
Меншікті есептік капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %	3,8	4,3	5,1	5,9	7,9	11,5	14,0	12,9
Клиенттер салымдарының ЖІӨ-ге қатынасы, %	15,0	18,6	21,1	27,4	33,9	46,5	50,5	31,1

¹ - 01.11.08ж. жағдай бойынша ақпарат «Қазақстан Даму Банкі» АҚ деректері есепке алынбай ұсынылған;

² - "Қазақстан Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ;

³ – уәкілетті орган бекіткен Екінші деңгейдегі банктердің пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні және әдістемесі туралы нұсқаулыққа сәйкес;

⁴ - банктердің заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталға қатысу үлесі) инвестициялары (банк салымы), сондай-ақ жиынтық мөлшері меншік капиталының есебінен шығарылған бірінші деңгейлі капитал және екінші деңгейлі капитал сомасының он пайызынан асатын заңды тұлғаның реттелген борышы.

⁵ – баланс бойынша мерзімі өткен берешекке клиенттердің займдар, факторинг, форфейтинг, қаржы лизингі бойынша берешектері кіреді (1306, 1309, 1327, 1328, 1409, 1421, 1423, 1424 шоттар); займдар бойынша мерзімі өткен сыйақы 1741, 1731, 1734 б/шоттарында көрсетілген

⁶ - 2222 «Арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары» шоты ескерілген;

⁷ – клиенттердің салымдары туралы ақпарат клиенттердің ағымдағы шоттары ескеріліп ұсынылған;

⁸ – 2007 жыл үшін – 12 726,0 млрд. теңге Қазақстан Республикасы Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігінің нақтыланған деректері бойынша;

- 2008 жылға – 15 046,7 млрд. теңге Қазақстан Республикасы Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігінің болжамды деректері бойынша;